



2026 жылғы 27 қаңтарда № 92 мектеп-лицейінде кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Заң мен тәртіп – Адал азамат жолы» қалалық конкурсының III кезеңі өтеді.

Профилактикалық іс-шара Астана қаласының прокуратурасы мен елорда әкімдігінің бірлесуімен, «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында ұйымдастырылады.

Конкурсқа елорда мектептерінен 18 команда қатысады. Қатысушыларға кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысты өзекті тақырыптар бойынша кейстік тапсырмалар ұсынылады.

Кезең қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған 12 топ келесі турға өтеді.

Сондай-ақ іс-шара аясында «Заң мен тәртіп – балалар көзімен» тақырыбындағы балалар суреттерінің көрмесі ұйымдастырылады.

27 января 2026 года в 14:00 в школе-лицее №92 состоится III этап городского конкурса «Заң мен тәртіп - Адал азамат жолы», направленного на повышение правовой грамотности несовершеннолетних.

Профилактическое мероприятие проводится Прокуратурой города Астаны совместно со столичным акиматом в рамках идеологии «Закон и порядок».

В конкурсе примут участие 18 команд, представляющих школы столицы. Участникам будут предложены кейс-задания по актуальным вопросам профилактики правонарушений среди несовершеннолетних.

По итогам этапа в следующий тур пройдут 12 команд, набравших наибольшее количество баллов.

Также в рамках мероприятия будет организована выставка детских рисунков «Закон и порядок - глазами детей».